

Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 129 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.03.2016 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 8 ш і л д е д е г і

N 7 3 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін қалааралық темір жол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жеңілдікпен жүруді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және білім алушылардың жол

жүруіне өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

жол жүру өтемақысы - жастар арасынан мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін қалааралық темір жол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бөлігін өтеуге арналған ақшалай төлем;

білім алушылар - студенттер, магистранттар, даярлық бөлімдерінің тыңдаушылары, колледждердің оқушылары;

өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар - республикалық бюджет есебінен жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлауды және республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен кәсіптік орта білімді мамандар даярлауды жүзеге асыратын о қ у о р ы н д а р ы .

3. Жол жүру өтемақысы республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты е с е б і н е н т ө л е н е д і .

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, мемлекеттік тапсырысты орындайтын облыстық, қалалық білім, денсаулық сақтау департаменттері (басқармалары), жыл сайын, республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу кезінде ақшалай өтемақыларын төлеуге арналған қаражатқа қажеттілік есебін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

5. Жол жүру өтемақысы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың мынадай санаттарына:

орта кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқыту нысанында оқитындарға жылына екі рет, қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде, тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітілетін 2 еселенген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде;

орта кәсіптік оқу орындарын бітірушілерге - жылына бір рет, 2 еселенген А Е К м ө л ш е р і н д е ;

студенттерге, магистранттарға, жылына екі рет, қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде 4 еселенген АЕК мөлшерінде;

жоғары оқу орындарының даярлық бөлімдерінің тыңдаушыларына - жылына бір рет, 4 еселенген АЕК мөлшерінде;

жоғары кәсіптік оқу орындарын бітірушілерге - жылына бір рет, 4 еселенген А Е К м ө л ш е р і н д е т ө л е н е д і .

6. Білім алушыларға жол жүру өтемақыларын төлеуді өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар жыл сайын ақпан және маусым айларында қаражатты білім алушылардың карт-шотына аудару жолымен немесе қолма-қол төлемдермен жү р г і з е д і .

7. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне, облыстық, қалалық білім, денсаулық сақтау департаменттеріне (басқармаларына) жол жүру өтемақыларын төлеуге арналған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК